

Тұқым шаруашылығын дамыту субсидияларының квоталарын белгілеу туралы

Күшіні жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 151 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 11 сәуірде № 4634 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 132 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 10.04.2019 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37- бабының 1-тармағына және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларының 15-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2- қосымшаларына сәйкес Алматы облысы бойынша тұқым шаруашылығын дамыту субсидияларының квоталары белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Тұқым шаруашылығын дамыту субсидияларының квоталарын белгілеу туралы" 2017 жылғы 19 мамырдағы № 214 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4222 тіркелген, 2017 жылдың 05 шілдесінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) және "Алматы облысы әкімдігінің "Тұқым шаруашылығын дамыту субсидияларының квоталарын белгілеу туралы" 2017 жылғы 19 мамырдағы № 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 29 тамыздағы № 343 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4334 тіркелген, 2017 жылдың 03 қазанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы "04
" сәуір "Тұқым шаруашылығын дамыту
субсидияларының квоталарын белгілеу
туралы" № 151 қаулысына 1-қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 20.11.2018 № 552 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Бірегей тұқымдар бойынша квоталар – тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін

№	Аттестатталған бірегей тұқым өндірушілердің атауы	Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы, тонна				
		бидай	арпа	сұлы	күріш	жүгері
1	2	3	4	5	6	7
1	"Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	8	1		2,8
2	"Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі					
3	"Оркен" шаруа қожалығы					
1	2	3	4	5	6	7
4	"БУДАН" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі					32

кестенің жалғасы

қытай бұршақ	максары	күнбағыс	картоп	қант қызыл шасы	бір жылдық шөптер	көпжылдық шөптер
8	9	10	11	12	13	14
5	0,5			0,25		0,7
			73			
			160			
8	9	10	11	12	13	14

Облыс әкімдігінің 2018 жылғы "04" сәуір " Тұқым шаруашылығын дамыту субсидияларының квоталарын белгілеу туралы" № 151 қаулысына 2-қосымша

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 20.11.2018 № 552 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Элиталық тұқымдар бойынша квоталар – әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін

№	Аудан/қала атауы	Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы, тонна/мың дана					
		бидай	арпа	сұлы	күріш	жүгері	қытай бұр шақ
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ақсу		21			7	18
2	Алакөл		42	0,02		30	43
3	Балқаш		4		10		
4	Еңбекшіқазақ	6	19	0,01		370	19
5	Ескелді	17	35	0,02		20	25
6	Жамбыл	35	57	0,03		30	3
7	Іле	11	18			50	4
8	Қарасай	10	9			7	2
9	Қаратал		3		51	29	4
10	Кербұлақ	40	243	12		4	7
11	Көксу	9	12			7,5	21
12	Панфилов	1	1			1050	
13	Райымбек	20	16	0,03			
14	Сарқан	5	46	0,02		5	36
1	2	3	4	5	6	7	8
15	Талғар	14	10	0,02		100	7
16	Ұйғыр	1	3			160	
17	Қапшағай қаласы		7			12,8	2
18	Талдықорған қаласы	1	1			1	5

19	Текелі қаласы		1				
	барлығы:	170	548	12,15	61	1883,3	196

кестенің жалғасы

мақсары	күнбағыс	картоп	қантқызылшасы	бір жылдық шөптер	көп жылдық шөптер	жеміс-жидек дақыл дары және жүзімнің көшеті
9	10	11	12	13	14	15
0,6	0,1	24	6,4	0,1	0,05	2
0,5	0,7	23	2	0,06		
0,2				0,01		
0,1	0,2	88		0,2	0,2	800
0,06	0,01	300	8,5	0,04	0,4	35
0,8	0,01	50		0,4	0,1	1083
3,6	0,02	40			0,2	0,3
0,2		100		0,01		200
0,2	0,01	16	3,2	0,01	0,2	
2	1,5	94	1,5	0,2		
0,1	0,02	15	7,3	0,2	0,1	
	0,01	45	7,3		0,1	10
		745				
2,4	11,1	14	5,9	0,02	0,1	6
9	10	11	12	13	14	15
0,3	0,01	150		0,02	0,1	165
	0,4	5			0,04	253
0,5		4	3,4	0,05	0,02	
	0,01	11	0,4		0,01	0,3
		3				
11,56	14,1	1727	45,9	1,32	1,62	2554,6